



Автор: Аубекерова Фаруза Сатаевна

Пән: Алгебра

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Бүтін көрсеткішті дәреже

Тақырып: Санның стандарт түрі. Үлкен және кіші шамаларға берілген мәтін есептерді шешу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.1.1сандарды стандарт түрде жазу; 7.1.2.7стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдану; 7.1.2.8стандарт түрде жазылған санның мәнді бөлігін және ретін табу; 7.1.2.9стандарт түрде жазылған сандарды салыстыру;
Сабақтың мақсаты:	Санның стандарт түрі, оның мәнді бөлігі, реті туралы білімді қалыптастыру, стандар түрдегі сандарға арифметикалық амалдар қолдану, оларды стандарт түрде жазу, салыстыру
Тілдік мақсаттар:	Санның стандарт түрі,реті,мәнді бөлігі, салыстыру
Күтілетін нәтиже:	Сандарды стандарт түрге келтіреді, оларға арифметикалық амалдар қолданады, салыстырады
Бағалау критерийлері:	Сандарды стандарт түрде жаза алады,стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдана алады. Стандарт түрде жазылған сандардың ретін таба алады және салыстыра алады
Құндылықтарды дарыту:	Есте сақтау қабілеттерін дамыту, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір реттілікке үйрету
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта,слайд,видеофильм
Пәнаралық байланыс:	физика
Бастапқы білім:	Бүтін көрсеткішті дәреженің қасиеттері

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5)	1) 1. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, түгендеу. Оқушыларды топқа бөлу. -Үй тапсырмасын тексеру 1) Үйге берілген өте үлкен,өте кіші сандар туралы ақпараттарымен бөлісу. «Жұлдыздарды санау» танымдық білім беру фильмін көрсету.Экранда қандай сандар ұсынылғанын сұрау.Оқушылардан өте үлкен,өте кіші сандарға мысал келтіруін сұрау.Мысалы:Еліміздегі халық саны,Галактикадағы жұлдыздар саны,молекула өлшемі,атом өлшемі	Bilimland.kz «Жұлдыздарды санау» танымдық білім беру видеофильмі

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20)	Оқушылар тақырыпты жазып, теориялық бөлімді жұппен, топпен талқылайды. Тапсырма 1 Бос ұяшықтарды толтырыңыз: ДЕСКРИПТОР Білім алушы: - Санды стандарт түрде жазады және керісінше: - Санның мәнді бөлігін көрсетеді; - Санның ретін анықтайды Оқушылар өздері кестені толтырады, содан кейін тақтадағы дайын кестеден өзін-өзі тексереді № Сан Стандарт түрі Мәнді бөлігі реті 1 2300 2 6,05•10² 6,05 3 0,0035 -3 4 35000 3,5 5 6,7•10⁵ 5 6 8,95 6 7 1,5•10⁻⁵ Тапсырма 2 Кестеде күн жүйесіндегі планеталардың диаметрлері берілген. Планеталар диаметрлерін стандарт түрде жазыңыз және оның мәнді бөлігі мен ретін көрсетіңіз Планета атауы Диаметр лері (км) Диаметрлері стандарт түрде жазылуы Диаметрдің мәнді бөлігі Диаметр мәнінің реті Венера 12100 Жер 12700 Марс 6780 Меркурий 4880 Нептун 49200 Сатурн 116000 Уран 50700 Юпитер 140000 ДЕСКРИПТОР Білім алушы: санды стандарт түрде жазады санның мәнді бөлігін көрсетеді санның ретін жазады Әр топтан екі оқушыдан шығып тақтада орындайды, қалған топтар бағдаршам арқылы бағалайды. Кері байланыс арқылы оқушылар бағаланады. I топ: Бағалау критеріі: Білім алушы Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану Тапсырма: (топтық жұмыс) Tarsia бағдарламасының көмегімен жасалған домино ойынын ойнату. Санды оның стандарт түрдегі жазуымен сәйкестендіріңіз. Оқушыларға ұсыныс, алдымен «start» жазуы бар карточкадан бастаңыз. start 4,19•10⁻³ 1 3•10⁻¹¹ 0,00000000003 0,3 3•10⁻¹ 0,00419 100 36,23•10⁻² 3,623•10⁻¹ 4,19•10⁻⁴ 0,000419 36 3,6•10¹ 2,4•10⁻⁵ 0,000024 2,6•10⁴ 1000 2300 2,3•10³ 4,5•10⁷ 45000000 26000 ДЕСКРИПТОР Білім алушы Сандарды негізі 10 болатын дәреже түрімен сәйкестендіреді Сандарды стандарт түрімен сәйкестендіреді Ойлан, жұптас, бөліс әдісімен тапсырманы орындайды. Әр топ бірін бірі бағдаршам бойынша бағалайды Екі топтың оқушылары тапсырмаларды орындайды. Тапсырманы орындап болғаннан соң топта талдайды.	Слайд презентация Үлетірме қағаздар
Сабақтың соңы (10)	III. Ой – толғаныс: Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалары 1 тапсырма Амалдарды орындаңыз және нәтижені стандарт түрде жазыңыз А) (5,6•10¹⁰) • (1,4•10⁻⁷) В) (1,8•10⁻⁶) : (2 •10⁻⁴) С) 5,9•10⁴ +3,8 •10³ Д) 7,2 • 10⁶ – 4,28 • 10⁵ ДЕСКРИПТОР Білім алушы - Стандарт түрде жазылған сандардың көбейтіндісін есептейді; - Стандарт түрде жазылған сандардың бөліндісін есептейді; - Стандарт түрде жазылған сандардың қосындысын есептейді; - Стандарт түрде жазылған сандардың айырмасын есептейді; - Есептеу нәтижелерін стандарт түрде жазады 2 Тапсырма : есепті шығарыңыз: А) Жер массасы 5,98• 10²⁴ кг, ал Марстың массасы 6,4•10²³кг. Жер Марстан неше есе ауыр? В) – сіздің жасыңыз нешеде? - деген сұраққа әкесі былай деп жауап берді: Менің жасымды табу үшін 3•10⁴ санын 600-ге көбейтіп, алынған көбейтіндіні 0,5 •10⁶ санына бөлу керек. Сонда менің жасымды табасың. Әкесінің жасы нешеде? ДЕСКРИПТОР Білім алушы - Санды өрнек құрады; - Көбейтуді орындайды; - Бөлуді орындайды; - Жауабын табады.	Үлетірме қағаздар
Рефлексия (5)	Рефлексия: Рефлексия. Ойын жинақтауға дағдыландыру. Дүниетанымын кеңейту. Кері байланыс: «Бес саусақ» әдісі Мұғалім оқушылардың бағалауларын ескере отырып, өз қорытындысын жасайды. Үйгетапсырма: №8.14, №8.15	